

Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кенеюі балабақша қабырғасынан басталады деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі педагогтың міндеті жеке тұлғаны рухани адамгершілік, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар жағынан дамыту үшін оның білім беру жолындағы өмірін мәдениетке ену үрдісі ретінде ұйымдастырып, баланың әр даму кезеңінде әлеуметтік өмірдің мәнін түсінуіне бағыттауымыз қажет. Оқыту-тәрбие процесінде баланың білім көлемі меңгертіліп, мінез-құлқы, өмірге деген белсенділігі артып, рухани-адамгершілік дәрежесі біртіндеп дамиды. Сонда ғана жас ұрпақ болашақта өз ана тілін құрметтей алатын, өзін-өзі басқара алатын, өзіне, еліне қызмет көрсете алатын тәрбиелі, үлгілі, жаны сұлу, рухани-адамгершілігі таза тұлға болып қалыптасады.


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан: Е.Нурланов, М.Аманғазы, Г.Ногайбаева и др. Астана: АО «ИАЦ», 2018.
2. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство. Астана: «Билим», 2019.

### **ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН**



**Қызылорда қаласы  
«Мансап» мектебінің  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Төребай Балауса Қанжарқызы**



Мұғалім - зор тұлға, ал күннің күдіретті сәулесі іспетті.

К. Д. Ушинский

Қазақта қолына «Әліппені» ұстап, «Кел, балалар, оқылық» деп алғаш сауатын ашқан баланың барлығы да Ыбырай Алтынсарин есімімен жақсы таныс. Өмірін халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толды. Озық ойлы ақын, қайраткер Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар. Себебі ол қазақ даласында сөнбес жұлдызға айналып, шамшырақтай жарық берген дала қоңырауы атанды. Қазақ даласына жанашылдықтың үлгісін ұсынып, сол жаңаның тынымсыз жаршысына айналған ұлы тұлғаның халық игілігі үшін еткен еңбегі мол.

Өнер-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден

Жылдам хабар алғызды, - деп орыс үлгісінде сауаттануға шақырды. Өз өлеңдерінде білімді жұрттың тұрмысын суреттеу арқылы қазақты қамшылаумен болды. Нақтырақ айтқанда, қараңғы қазақ көгінде жарқыраған күн болды. Қазақ балаларының сауатын ашып, жаңа оқулықтар жазды. Кириллицамен хат танытты. Ы.Алтынсарин мектептерде дәріс беретін ағартушы педагогтерді даярлау ісінің шебері десек те болады. Жан-жақты талап қоя отырып, мұғалімдерді оқыту ісіне тарту жұмысын қарқынды жүргізді. Әсіресе, оқулық жазу, жасау кезінде Еуропа ғалымдарының ағартушылық бағыттағы еңбектерін негізге алып талдап, ерекше талғаммен жасаған болатын. Басты мақсат – бала қандай, қанша білім алса да, ұлттық құндылықтардан алыстамай, ұлттық мүддеге қызмет ететіндей тұлға деңгейінде көрінуі тиіс болатын.